




III, IV, VI бас-ми нерв жұптары



Дайындаған: Сулеймен Т. Б.
Тексерген: Оспанбекова Д. М



12 жұп нервтері

Сезімтал

I II VIII

Қозғалтқыш

III IV VI XI
XII


аралас

V VII IX X



Бас миотомдарымен байланысты дамитын нервтер

Бұл топқа жұлын нервтерінің алдыңғы түбіршектеріне сәйкес келетін ортаңғы мидан шығатын ядролары сонда жайғасқан , бас сүйек ми нервтерінің III, IV, VI жұптары жатады. IV жұпты ядросы іштегі даму кезінде екінші ортаңғы мидан ромбтәрізді шұңқырға ығысқан. Сондықтан олар осы миотомдардан өсіп дамыған көз алмасы бұлшық еттерін нервтендіреді.






- Оның құрамында қарашықты тарылтатын және көздің әр түрлі қашықтықтағы заттарды көруін қамтамасыз ететін еттерге баратын парасимпатикалық талшықтары да болады. Бұл нервтің орталығы (ядросы) ми сабақшаларының қақпақша бөлігінде (ортаңғы мидың су өткізгішінің түбінде) жатады. Нервтің өзі, ми сабақшаларының арасынан ми бетіне теуіп, жоғарғы көз саңылауы арқылы көз шарасының ішіне еніп, көз алмасының жоғарғы, төменгі, ішкі тік еттері мен төменгі қиғаш етін

III—көз-қимыл нервісі




- Нерв ядросы (орталығы) көз-қимыл нервісі ядросының қасында, ми сабақшаларының қақпақша бөлігінде жатады. Бұл нерв, ортаңғы мидың төменгі қос төмпешігінің астыңғы жағынан ми бетіне теуіп, жоғарғы көз саңылауы арқылы көз шарасына еніп, көз алмасының жоғарғы қиғаш етін нервтендіреді. Маңдай сүйектің ілгектеніп тұрған өсіндісінен, жоғарғы қиғаш етке тік түсіп тұруына байланысты оны шығыр нерв деп атаған.


IV—шығыр нервісі




- Бұл нервтің де ядросы (орталығы) ромба ойысының жоғарғы бөлігінде, ми көпірінің тұсында жатады. Нерв түбіршігі сопақша мидың пирамидасымен көпір аралығынан ми бетіне шығады. Жоғарғы көз саңылауы арқылы көз шарасына еніп, көз алмасының сыртқы тік етін жүйкелендіреді. Бұл ет жиырылғанда көзді сыртқа қарай әкетеді (тартады), сондықтан бұл нервті әкеткіш нерв деп атайды.

VI—әкеткіш нерв





Действие глазодвигательных мышц





III. Nervus oculomotorius


көз қозғалтықыш нерв, қозғалтқыш

N. oculomotoros, көз қозғалтқыш нерв-дамуы жағынан бірінші құлақалды миотомының қозғалыс түбіршегі, бұлшықеттік нерв болып табылады.

Оның құрамында:

Соммалық-қозғалыс ядросынан көз алмасының сыртқы бұлшықеттеріне баратын эфферентті талшықтар.

Ішкі көз бұлшықеттеріне, қосымша ядросынан шығып баратын парасимпатикалық талшықтар.






IV. Nervus trochlearis

шығыршық нерві, қозғалтқыш

- N. trochlearis шығыршық нерв даму жағынан екінші құлақалды миотомының қозғалыс түбіршігі, бұлшықеттік нерв болып табылады. Оның жалғасы сомалық-қозғалыс ядроларынан көздің қиғаш бұлшықетіне баратын эфферентті талшықтар бар. Жоғары ми желкенінің дорсалды жағынан шығып, ми аяқшасын латералды жағынан, fissura orbitalis superior арқылы көзұясына кіріп m.obliquus superior-да аяқталады.






VI. Nervus abducens

әкетуші нерв, қозғалтқыш

- abducens, әкететін нерв, үшінші құлақалды миотомының қозғалыс түбіршігі, бұлшықеттік нерв болып табылады. Оның көпірде орналасқан сомалық-қозғалыс ядросынан шығып, көздің латералды тік бұлшықетіне баратын эфферентті талшықтары болады. Көпірдің артқы жиегінде мидан шығып *fissura orbitalis superior* арқылы көзұясына өтіп, *m. rectus lateralis*-ке енеді.
- Сыртқы көз бұлшықеттеріне арналған III, IV және VI нервтердің эфферентті талшықтарын сәйкес келетін афферентті талшықтар V нервтің, *n. ophthalmicus*, құрамын өтеді.
- Көптеген авторлар көз алмасының барлық үш қозғалыс нервтерінде афферентті талшықтар бар деп есептейді.





- Ми аяғының медиалді беті жағынан, аяқаралық шұңқырдың бүйір жиегінде көз-кимыл нервтің, п. oculomotorius, (ми нервтерінің III жұбы) шығу жері - үлкен ми аяғының медиалді жұлгесі, sulcus cerebri cruris cerebri, орналасқан.
- Мишық, cerebellum, және шүйде үлесінің негізгі беті арасында мидың көлденең саңылауы, fissura cerebri transversa, орналасқан, оның тереңінде шығыршық нерві, п. trochlearis, жатады (ми нервтерінің IV жұбы), ол ми негізіне ми аяғының латералді бетін айнала қоршап шығады.
- Көпірдің артында, көпір мен сопақша ми арасында көлденең саңылаудан ми негізіне әкететін нерв, п. abducens (ми нервтерінің VI жұбы) шығады.



Көз қозғалтқыш нервтерін тексеру.

Науқастың көз саңылауының еніне, көз алмасының қалпына, қарашықтың көлемі мен формасына назар аударылады.


- ***Көз алмасының қозғалуын тексеру;***
- ***Қарашық реакциясын тексеру.***



Көз алмасының қозғалуын тексеру.


Тексеру реттілігі:

- Дәрігер науқастың басын иегінен ұстап тұрады;
- Көзінің алдында 15-20 см қашықтықта оңға, солға, жоғары, төмен және мұрнының ұшына кезекпе – кезек бағыттала ауыстырылып тұрған неврологиялық балғаға қарауын өтінеді.





Оң жақ көз қозғалтқыш нервінің зақымдануы. а – оң қабақ птозы; б-экзофтальм, шапыраш қилылық.





Қарашықтың конвергенциялық және аккомодациялық реакциясын тексеру.

Тексеру реттілігі:

- Дәрігер науқастың бетінен 50-60 см қашықтықта ұстап тұрған саусағына қарауын өтінеді;
- Дәрігер саусағын мұрынның ұшына таяу әкеледі.
Қалыпты жағдайда көз алмалары көз саңылауының ішіне қарай ауысады (конвергенция) онымен қоса қарашық тарылады (аккомодация).



Көз қарашығының жарыққа тітіркенуін тексеру

- Науқас жарыққа қарсы отырады.
- Дәрігер науқастың бір көзін алақанымен жабады;
- Екінші көздің қарашығына қарайды – ол сәл кеңейеді, ал алақанды алғанда кішірейеді;
- Науқас жарыққа қарсы отырады.
- Дәрігер науқастың екі көзін алақанымен жабады;
- Кезек-кезек көздерін ашып қарашықтың тітіркенуін бағалайды;
- Жарықта – қарашық кішірейеді, қарашықтың жарыққа тікелей тітіркенуі сақталған.

